

Freedom Broker


Бүкіл биржа әлемі бір қолданбада

ЖҰМЫСТЫ БАСТАУ

Шотты қалай ашу керек

[YouTube-те бейненұсқаулық](#)

1-ҚАДАМ. Freedom Broker-дің мобилді қолданбасын орнатыңыз.



[Қолданбаны жүктеп алу](#)

2-ҚАДАМ. Қолданбаны ашыңыз да, тіркеліңіз. Тіркелу үшін, e-mail-ді енгізіп, парольдоялап тапсаңыз жеткілікті.

Маңызды!

Егер сіз тіркеліп қойған болсаңыз және Freedom Broker компаниясында басқа брокерлік шотыңыз болса, Global шотын ашу үшін басқа поштаны пайдалануыңыз қажет.

Не поштаңызға «+1» таңбасын қосып қойыңыз – мысалы, **user+1@mail.com**

3-ҚАДАМ.

Мобилді телефон нөміріңізді енгізіп, SMS кодымен растаңыз.

4-ҚАДАМ. Азаматтығыңыз бар елді көрсетіңіз. Әрі қарай тұрғылықты мекенжайыңыздың тіркелген мекенжайға сәйкес келетінін белгілеңіз.

Freedom Broker

Бүкіл биржа әлемі бір қолданбада



ЕҢ АЛДЫМЕН



Шотты қалай ашу керек

[Бейненұсқаулық YouTube-та](#)

1-ҚАДАМ. Freedom Broker мобилді қолданбасын орнатыңыз.



[Қолданбаны жүктеу](#)


2-ҚАДАМ. Қолданбаны ашыңыз да, тіркеліңіз. Онда тіркелу үшін бар болғаны e-mail-іңізді жазып, пароль ойлап табуыңыз керек.

Маңызды!

Егер Сіз тіркеліп қойсаңыз және Freedom Broker-де басқа брокерлік шотыңыз бар болса, Global шотын ашу үшін басқа поштаны пайдалануыңыз керек.

Не болмаса поштаңызға «+1» »-ді қосуыңыз керек, мысалы, user+1@mail.com

3-ҚАДАМ. Қолданбаға жылдам кіру үшін пин код ойлап табыңыз.



4-ҚАДАМ. Салық деректемелерін толтырыңыз.

Назар аударыңыз: бұл тармақтың мазмұны Сіздің салықтық резиденттік еліңізге байланысты.

5-ҚАДАМ. Экономикалық профилді толтырыңыз.

Бұл - қаржылық реттеушілердің міндетті талабы. Бұл жерде мыналарды:

1. Біліміңіз бен инвестициялау тәжірибеңізді.
2. Қаржылық жағдай туралы ақпаратты көрсету керек. Бұл - сіздің негізгі табыс көзіңіз, жылдық кіріс, шығыс және жоспарланған инвестициялар.
3. Қосымша салық резиденттігі және азаматтығы туралы деректерді көрсету керек.

The image shows three sequential screens of a mobile application for creating an economic profile. The first screen, titled 'Экономический профиль' (Economic Profile), has a sub-header 'Знания и опыт' (Knowledge and Experience). It contains three dropdown menus for: 'Какой ваш уровень образования?' (What is your education level?), 'Укажите свой инвестиционный опыт' (Specify your investment experience), and 'Какой уровень маржи вы когда-либо испытывали в своей торговле?' (What margin level have you ever experienced in your trading?). The second screen, also titled 'Экономический профиль', has a sub-header 'Финансовое положение' (Financial Position). It contains dropdown menus for 'Укажите сферу деятельности' (Specify the sphere of activity), 'Основной источник вашего дохода' (Main source of your income), and 'Распределение ваших основных активов' (Distribution of your main assets). It also has input fields for 'Годовой доход (в USD)' (Annual income in USD) and 'Годовые расходы (в USD)' (Annual expenses in USD). The third screen, titled 'Экономический профиль', has a sub-header 'Дополнительная информация' (Additional Information). It contains dropdown menus for 'Имеется ли дополнительное налоговое резидентство?' (Is there additional tax residency?) and 'Имеется ли дополнительное гражданство?' (Is there additional citizenship?). All three screens have a 'Продолжить' (Continue) button at the bottom and a footer that says 'Счет открывается в Freedom Finance Global'.

6-ҚАДАМ. Брокерлік қызмет көрсету регламентімен танысып шығыңыз.

The image shows two sequential screens of a mobile application. The first screen, titled 'Ознакомьтесь с правилами оказания услуг' (Familiarize yourself with the rules of service), contains two toggle switches for agreeing to the terms and conditions. The second screen, also titled 'Ознакомьтесь с правилами оказания услуг', shows a confirmation screen with a numeric keypad for entering a code. The keypad has buttons for digits 1-9, 0, and a backspace key. The text on the screen says 'SMS успешно отправлена. Если Вы не получите ее в течение нескольких минут, пожалуйста, обратитесь в клиентский отдел.' (SMS successfully sent. If you do not receive it within a few minutes, please contact the client service department.) and 'Повторная отправка кода доступна через 57 секунд.' (Resending the code is available in 57 seconds.).

Ол үшін «Брокерлік қызмет көрсету регламенті» сілтемесін басып, бәрін мұқият оқып шығыңыз.

Осыдан кейін ұялы нөміріңізді көрсетіп, «Жалғастыру» батырмасын басып, SMS-кодтың көмегімен Регламентпен келісетініңізді растаңыз.

7-ҚАДАМ. Жеке басыңызды куәландыратын құжаттардың фотосуреттерін қоса тіркеңіз.

Қазақстан азаматтары паспорт немесе жеке куәлік бойынша тексеруден өте алады.

Маңызды!

Жүйе скриншоттарды немесе цифрлық құжаттарды қабылдамайды. Нақты құжаттарыңыздың фотосуреттері қажет. Барлық

8-ҚАДАМ. Селфи-верификациядан өтіңіз.


9-ҚАДАМ. Егер Сіздің тұрғылықты мекенжайыңыз тіркелген мекенжайыңызға сәйкес келмесе, мекенжайыңызды растайтын құжаттарды қоса тіркеңіз.

Ол үшін:

- Коммуналдық шот
- Freedom SuperApp қолданбасындағы анықтамалардың бірі («Сервистер – Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер – Анықтамалар» бөлімі)
- Сіздің аты-жөніңіз және тұрғылықты мекенжайыңыз көрсетілген кез келген құжаттар жарайды.

Дайын! Сіздің деректеріңіз қабылданды. Құттықтаймыз! Енді инвестицияға бір-ақ қадам қалды!

Шот ашу туралы хабарламаны күте тұру керек. Әдетте шот 20-30 минутта ашылады. Содан кейін оны толтырып, сауда жасауды бастауға болады



Маңызды!



Қосымша тексеру қажет болса, шот ашуға ұзағырақ уақыт кетуі мүмкін.


Егер сіз платформада брокерлік шот аша алмасаңыз, онда интернет байланысын тексеруге және балама браузерді қолдануға немесе қосылып көруге кеңес береміз. Балама IP мекенжайы бар қауіпсіз желі арқылы қосылу да көмектесуі мүмкін.

Шотты қалай толтыру керек

1-ТӘСІЛ

Freedom Broker-дің мобилді қолданбасы арқылы толтыру

[YouTube-те бейненұсқаулық](#)



1-ҚАДАМ. Қолданбаға кіргеннен кейін «Мәзір» бөліміне өтіп, «Толтыру» батырмасын басыңыз.


Сіз үш мынадай тәсілмен толтыра аласыз:

- Картамен
- Банк арқылы деректемелер бойынша
- Шоттардың арасында аударым арқылы

Картамен толтыру

Картаңыздың деректері мен аударымның сомасын енгізіңіз. «Толтыру» батырмасын басыңыз.


Егер «Картаны есте сақтау» ауыстырғышын қоссаңыз, Сіз ақшаны оған әрі қарай шығара аласыз.



Маңызды!

Freedom Bank-дің карталарымен толтырған кезде комиссия алынбайды. Егер қаражатты басқа банктердің карталарынан енгізсеңіз, комиссия төлем сомасының 2%-ын құрауы мүмкін.

Банктік деректемелер бойынша толтыру



1-ҚАДАМ. «Деректемелер бойынша аудару» батырмасын басқаннан кейін бес валютада толтыратын деректер шығады:


- Еуро
- АҚШ доллары
- Ресей рублі
- Теңге
- Қытай юані

Сондай-ақ банк үшін қосымша құжаттар – брокерлік шарт және шоттың ашылғаны туралы растау.


2-ҚАДАМ. Керек деректемелерді таңдап, банк бөлімшесіне жүгініңіз. Брокерлік шотқа керек соманы касса арқылы енгізіңіз.

Маңызды!

Freedom Broker банк аударымын жасағанда комиссия алынбайды. Брокерлік шотыңызға ақша банк тарифіне сәйкес алымды шегере отырып келіп түседі.




Шоттардың арасындағы аударым



Ол үшін Сізге Freedom Bank-тің INVEST CARD-ы керек. Бұл картаны **Freedom SuperApp** қолданбасында шығаруға болады.

1-ҚАДАМ. INVEST CARD-ты мысалы басқа банктің картасынан аударым жасап толтырыңыз.

2-ҚАДАМ. Freedom Broker-дің мобилді қолданбасында «Мәзір – Толтыру – Шоттардың арасында» батырмасын басыңыз. Қауіпсіздік сессиясын ашыңыз.






3-ҚАДАМ. Жіберушінің шотының нөмірі ретінде D шотын таңдаңыз. Оның нөмірі Сіздің сауда шотыңыздың нөмірімен бірдей, тек сандардың алдында D әрпі болады. Мысалы, D7B1234.

Саудаға жатпайтын D шоты Сіздің INVEST CARD-бен байланыстырылған. Картаға енгізген сомаңыз D шотында көрсетіледі.

4-ҚАДАМ. Валютаны таңдап, толтыратын соманы көрсетіңіз. «Растау» батырмасын басыңыз.

Дайын! Ақша сауда брокерлік шотыңызға бірнеше минутта келіп түседі.



[Қолданбаны жүктеп алу](#)

2-ТӘСІЛ


Freedom SuperApp банк қолданбасы арқылы толтыру

[YouTube-те бейненұсқаулық](#)

Егер Сіздің Freedom Bank-те Freedom Card, Super Card, Deposit Card және басқа да карталарыңыз болса, осы әдіс ыңғайлы.

1-ҚАДАМ. Freedom SuperApp қолданбасын ашыңыз да, басты бетте «Инвестициялар» қосымша бетіне өтесіз.

2-ҚАДАМ. Керек брокерлік шотты таңдаңыз да, «Толтыру» батырмасын басыңыз.




3-ҚАДАМ. Ақша аударғыңыз келетін картаны немесе егер карталарыңыздың бірінде Freedom валютасы бар болса, осы валютаны таңдаңыз.

4-ҚАДАМ. Аударымның сомасын көрсетіп, «Аудару» батырмасын басыңыз.

Дайын! Ақша шотыңызға бірнеше минутта келіп түседі.

Freedom Bank-тің карталарынан толтырғаныңыз үшін комиссия алынбайды.



[Қолданбаны жүктеп алу](#)